

МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Тұрлыбай Жұлдыз Қадырбекқызы

<mailto:zhyldiz.00@mail.ru>


Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Физикалық және экономикалық география кафедрасының «География-5В060900» мамандығының 3 курс студенті.

Ғылыми жетекші – Саипов Абдимажит Аманжолович

Маңғыстау ауданы - Маңғыстау облысының орталығында орналасқан әкімшілік бөлік. Солтүстігінде Бейнеу, батысында Түпқараған ауданы, Ақтау қалалық әкімдігі, оңтүстігінде Қарақия ауданы, шығысында Өзбекстанның Қарақалпақстан республикасымен шектеседі. 1928 жылы құрылған. Аудан орталығы - Шетпе ауылы.



Сурет 1. Маңғыстау ауданының эмблемасы. [1]



Сурет 2. Маңғыстау ауданының орны [2]

Аудан көлемі 48 мың км². Аудан құрамында 12 ауыл әкімшілігі бар. Олар: Ақтөбе ауылдық округі, Ақшымырау ауылдық округі, Жармыш ауылдық округі, Жыңғылды ауылдық округі, Қызан ауылдық округі, Оңды ауылдық округі, Отпан ауылдық округі, Өтес ауылдық округі, Тұшықұдық ауылдық округі, Шайыр ауылдық округі, Шебір ауылдық округі. Халық сирек қоныстанған. Әр 1 км² жерге орта есеппен 6,0 адам, ал шығысында 0,6 адам.

Ірі елді мекендері: Шетпе, Тұшықұдық, Жыңғылды, Үштаған, Ақшымырау, Жармыш, Сай-Өтес, Оңды, Шайыр, Қызан. 2019 жылдың 1 қаңтарына ауданның халық саны 39 мың адам.

Ауданның агроөнеркәсіп кешенінің географиясы табиғи ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Яғни, климаттың қолайсыздығы, ауыз судың жетімсіздігі мен халық санының аздығы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіреді. Аудандағы басты ауылшаруашылық кәсіп – мал шаруашылығы. Төрт түлікті өсіру түгел дамымағанмен, саланың негізін қой шаруашылығы құрайды. Егін шаруашылығы бойынша егістік алқабы және бақша дақылдарын өсірумен айналысады.

Маңғыстау ауданы аумағының жалпы көлемі – **4 701 832,30 га.**

Жер санаттары:

1. ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 1 038 340,7155 га;
2. елді мекеннің жерлері – 200 730,71 га;
3. өнеркәсіп, көлік, қорғаныс, байланыс және басқа мақсаттағы жерлер – 57 700,9116 га;
4. орман қорының жері – 26 524,00 га;
5. су қорының жері – 4627,62 га;

6. босалқы жер – 3 274 301,3429 га.


Қазіргі таңда ауданда 391 шаруа қожалығы жұмыс жасап тұр, оның 37 шаруа қожалығы егін шаруашылығымен, қалған 355 шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады.

Жайылым сипаттамасы бойынша, Маңғыстау ауданында барлығы 3607484,43 гектар жайылым алқаптары бар. Елді мекен маңындағы халықтың ортақ пайдалануындағы мал жайылымы 171627,03 гектар. Аудан аймағының климаты тым континенттік, қысы жұмсақ, жазы ыстық әрі қуаң. Жыл бойы желді ауа райы байқалып тұрады. Қыс айларындағы ауаның орташа температурасы -9 -13°C, жаз айларындағы ауаның орташа температурасы +27+29 °С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері -100-150 мм. Топырағы солтүстігінде сұр, құмайтты сұр, бозғылт сұр.


Аумақтың басым бөлігінде жусан , бұйырғын, жантақ, сораң шөп және басқа да шөптердің түрлері өседі. Мал жаюға арналған табиғи өсімдіктер аумағы ауданның барлық аумағында таралады. Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі 1,5-2,0 центнер/гектар құрайды. Шабылған шөп пен жасанды шабылған шөптің қосалқы азығы қыстау кезеңінде қолданылады.

Аудан аумағындағы жайылымдардың негізгі пайдаланушылары ауыл шаруашылығы құрылымдары болып табылады. Елді мекендердегі тұрғындардың малдары елді мекендерге тиесілі жерлерде бағылады. Маусым кезінде Шетпе ауылынан, Ақтөбе ауылдық округінен, Жармыш ауылынан, Онды ауылдық округінен, Отпан ауылдық округінен, Шайыр ауылдық округінен және Сайөтес ауылдық округінен барлығы 104 003 бас мал шалғай жайылымға Үстірт өңіріне айдалып, елді мекендер аумағында қалған мал басы, негізінен сауын малдар халықтың ортақ пайдаланудағы мал жайылымында бағылады. Қызан ауылынан, Ақшымырау ауылынан, Тұщықұдық ауылдық округінен Шебір ауылынан 64273 мал басы солтүстік "Бозашы" түбегіне айдалып, қалған малдар, негізінен сауын малдар халықтың ортақ пайдалануындағы мал жайылымдарында бағылады.

Қазіргі таңда ауданда 379 шаруа қожалығы жұмыс жасап тұр, оның 32 шаруа қожалығы егін шаруашылығымен, қалған 339 шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады.



Сурет 3. Жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Маңғыстау ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) [3]



Сурет 4. Маңғыстау ауданы аумағында жайылым айналымдарының қолайлы схемалары [3]

Маңғыстау ауданының мал шаруашылығының негізі: *мүйізді ірі қара, мүйізді ұсақ мал, түйе, жылқы және құс* болып табылады. Жергілікті жердің шөлейт, қатаң табиғаты мен ауа-райында өсіп-өнуге, өнім беруге аса бейімделген мал түрлері өсіріледі. Аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері: ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі, сонымен қатар жайылым пайдану кезеңінің ұзақтығы белгіленген.

Жайылымның кезеңінің ұзақтығы топырақтық-климаттық аймақ зонасына, ауыл шаруашылығы жануарлар түріне, сондай-ақ жайылым өнімділігіне байланысты:

1. далада – 160-180 күн;
2. шөлейтте – 160-180 күн.

Малды жаю ұзақтығы қар жамылғысының тереңдігіне, қардың тығыздығына және басқа да факторларға тәуелді. Маңғыстау ауданы аумағында қыс мезгілінде ауа райының жұмсақтығына байланысты ауыл шаруашылығы малдарының көп бөлігі жыл бойына жайылымда жайылады.

Бүгінгі күнде Маңғыстау облысының физикалық-географиялық орналасу факторларына байланысты аймақтағы шөлейтті, қуаң климат облыс аудандарында қуаңшылық жағдайларын туғызып отыр. Негізгі проблемалардың бірі – жемшөп мәселесі. Осы жағдайға байланысты, Қазақстанның басқа облыстарынан мал азығы (шөп және жем) тасымалдау жұмыстары ұйымдастырылған. Маңғыстау ауданында қысқы мал азығының қоры дайындалып жатыр. Бұл жұмыстардың барлығы «Каспий» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жүргізілуде. Бүгінде 21 мың 900 тонна шөп бар. Меже 35 мың тонна. Яғни, аудандағы төрт түлікті қыстан аман алып шығу үшін әлі 13 мың тонна мал азығы қажет. Қазіргі кезде шөпті аудан әкімдігі белгілеген 7 оператор жинап жатыр. Аудан әкімінің орынбасары Асқар Аққұловтың айтуынша кәсіпкерлердің жасап жатқан жұмыстары үнемі әкімдіктің бақылауында.

Қорытындылай келе, осы жұмыста Маңғыстау ауданының агроөнеркәсіп кешенінің құрылымы бойынша ақпараттар жинақталып, зерттеу жұмысы жүргізілді. Жайылым

сипаттамасы және мал шаруашылығы сипаттамасы берілді. Аудандағы басты ауылшаруашылық кәсіп – мал шаруашылығы. Сондай-ақ, климаттың қолайсыздығы, ауыз судың жетімсіздігі мен халық санының аздығы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіретіндігін аңғаруға болады. Ауданның агроөнеркәсіп кешенінің басты проблемаларының бірі – мал азығының жетіспеушілігі. Осы мәселені шешуге кәсіпкерлер өз үлестерін қосуда. Жылдағыдай болмаса да биыл ауданның бір жар кәсіпкері шабындыққа шалғы салды. Нәтижесінде бүгін аудан орталығына екі көлік жергілікті жердің шөбі әкелініп, сатылып жатыр. Үстірт беттегі Бөрібас жерінен шабылған шөптің тугі 900 теңге. Тайдың көп бөлігі былтырғы қамба шөп, арасында биылғы көкте бар, салмағы 15-20 кг арасында. Аудан әкімдігімен жасалған меморандум аясында кәсіпкерлер Қ. Манаш және Қ. Салықов шапқан шөптің бағасы тұрақты болады. Бірнеше жылдан бері облыс көлемін мал азығымен қамтуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлер 20 мың дана түк шабылады деп жоспарлап отыр. Дайындалған ірі сояулы мал азығы ауданға қарасты ауылдарға жеткізілмек. Шайыр ауылдық округінің Жыңғылды бағытына қарай шыға берісіне ағаш отырғызу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. 4590 шаршы метр жер темір шарбақпен қоршалып, ішінен ағаш егуге 300 шұқыр қазылды. Қазіргі таңда 109 түп ағаш отырғызылды.

Шаруа қожалықтарын ынталандыру мен дамытуда керек құралдардың бірі – субсидиялар. 2019 жылы Маңғыстау ауданы бойынша егін шаруашылығымен айналысып отырған үш шаруа қожалығы Маңғыстау облысы ауыл шаруашылығы басқармасына субсидия алуға өтінім білдіріп, барлығы: 3227,365 мың теңге қаражат көлемінде субсидия алды. Оның ішінде «Тыңайтқыштар құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау» бойынша 3 шаруа қожалығына 11,5 тонна тыңайтқышқа 414,0 мың теңгеге қызмет көрсетілді. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылға арналған бағдарламасы» аясында мал шаруашылығымен айналысатын 10 азаматқа малдың санын көбейту бойынша және 2 азамат қызмет көрсету жобасы бойынша барлығы 48 млн.тг қаражат көлемінде төмен пайызбен несие берілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Маңғыстау_ауданы [1]
2. ArcGis қосымшасы көмегімен жасалынған карта-схема [2]
3. Маңғыстау ауданы бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар [3]
4. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G21ME00753M> [3]
5. <https://mangystaumedia.kz/kk/suhbat/103623>
6. АТАМЕКЕН: Географиялық энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", 2011.
7. Серікбол Қондыбай, Маңғыстау географиясы. Толық шығарамалар жинағы, 3 том, Арыс баспасы, Алматы қаласы, 2008 жыл

УДК 91

БАЙЗАҚ АУДАНЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ГЕОГРАФИЯСЫ

Ұланова Мөлдір Ұланқызы

avecvousme@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің
Физикалық және экономикалық география кафедрасының «5В060900-География»
мамандығының 3 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – П.ғ.д. профессор А.А.Саипов

Байзақ ауданы — Жамбыл облысының оңтүстігіндегі әкімшілік аудан. 1938 ж. құрылған. 1996 жылға дейін Свердлов ауданы болып аталды. Жерінің аумағы 4,5 мың км².